



Казақтың 100 романы

Хамза ЕСЕНЖАНОВ
ЖУНІСОВТЕР ТРАГЕДИЯСЫ

Роман



Алматы
"Жазушы"
2009

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-4
Е 79

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару” бағдарламасы

Жобаның жетекшісі

ҚР ҮҒА академигі *Рымгали Нұргали*

Редакциялық алқа:

Әлібек Асқаров
Рахманқұл Бердібаев
Есенбай Дүйсенбайұлы
(жаяупты редактор)

Мұхтар Құл-Мұхаммед
Есенгали Раушанов
Берік Шаханов

Х. Есенжанов.

E79 Жұнісовтер трагедиясы: Роман. – Алматы: “Жазушы”,
2009.– 336 б. – “Қазақтың 100 романы” сериясы.

ISBN 978–601–200–213–3

“Жұнісовтер трагедиясы” романы – белгілі “Ақ Жайық” трилогиясының заңды жалғасы. Атакты трилогияны да қамтыған бес томдықтың төртінші және бесінші кітаптары кезінде екі бөлімнен тұратын “Ағайынды Жұнісовтер” романы атальып, “Көп жыл өткен сон” деген қос том бол жарық көріп еді. Ұсынылып отырган басылымды сонын кайта жазылған, өндөліп жөнделген, толықтырылған нұсқасы десе де болды. Мұнда да “Ақ Жайық” романының үш кітабында кездесетін Хакім Жұнісов сияқты кейіпкердің ара-біраз жылдар откеннен кейінгі өмірі қамтылған.

Е 4702250201–038
402(05)09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 978–601–200–213–3

© “Жазушы” баспасы, 2009

БІРІНШІ БӨЛІМ



ӘЛІБЕК ПЕН ГУЛЖИҢАН ЖӘНЕ ӘДІЛБЕК

Bірінші тарау

1

*Бұлқынғандай Алатай,
Жұлқынғандай ағын су,
Шулағандай мың дауыс...
Тасыды ма ұлы өзен,
Ышиқынды ма қызыл жесел,
Күрсінді ме курең бел?..*

Ілияс

*М*осын хат...

Бір үйде тұрып, бір жерде оқитын үш студенттің екеуі почтадан шығып, базарға бет алды. Базар жолда еді. Почтаға барған сайын оны бір сүзіп өту бес парыздың біріндей. Өйткені қол бос. Қамсыз шақ.

Астанадан аулақ, темір жолдан да қашық,abyr-жұбыры кем самарқау қала. У-шудан құлаққа ұрған танадай десе боларлық. Құні ұзак, тұні жалпак.

Оқта-текте кездесетін төтенше уақиға да жоқтың қасы. Жер аударылып келген Троцкийдің дүбірі де саябыр тартқан кез. Жаңалықтың бастысы ауылдан келетін хат қана.

Бұл екеуі почтадан үйде қалған жолдасына келіп жатқан хатқа қоса ақша қағазын да алған. Бұлардың қазіргі әңгімесі осының төнірегінде:

- Мен білсем, бұл тосын хат!
- Болса, болар, қыздан ғой!..
- Ақшасы да тосын.
- Иә, кеше ғана елден келген баланың соңына ақша ере жүруі ой салатын жәйт.
- Солай, солай,— десті.

– Қарағай құндақты тау бөктеріне иегін сүйеген маңғаз Алматының сол жазда дәuletі де шалқыш жатыр еді.

Әлсін-әлсін себелеген жаңбыр сұнына бөгіп, күн көзіне балқыған асыл алқап жер нәубетін аямай сыйлаған.

Қаланың іші де, тысы да толы бау-бақша. Онда басын иіп тағзым еткен алма мен алмұрт. Еңсесін көтере алмай қайысқан қара өрік. Ұйысқан жүзім. Тамыз айында-ақ жел-піп өткен желге шыдай алмай, ағаштары жерге көлкөсір ала бүйрек шашу шашып жатты. Қаланың ағыл-тегіл жемісі аздай-ақ, алыстағы Тұрген мен Шелектен, Талғар мен Шымбұлақтан, Шамалған мен Қаскеленін Алматы базарына ағылған керуенниен көз түспейді.

Кіші Станицадан бергі өрге қол созған үлкен базар жұманың жеті күні бірдей иін тірескен көлік, о шеті мен бұшетіне тай шаптырлых әлма тиеген арба. Жалғыз жеміс емес, көк базардан арғы кең алаң жексенбі күндері малға да сыймай кетеді. Мал жаз бойы апталап жайылып, айлап жылжып, сонау арқа беттегі сегіз қарыс қар жауса, он қарыс қамысы пана, жері құт Топар мен Құйғаннан, Отар мен Қордайдан шұбырады. Үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, мойынға таққан ауыр алқадай, қала сыртын қоршай орап жатады. Бұл базар өз үлесін күнде-күнде еселей беру үшін үзбей алып жатса да, көзі бар бұлақтай таусылмас түлік сияқты.

Дәулетті маңғаз қаланың да өзіне сай: бойшан көшелерді бойлауық теректермен әділтеп қойғандай, сылдыр үнді бұлақ сырғалы.

Сол ендең жатқан үлкен базардың шетінен кірген екі студент ат саудалайтын адамдай-ақ жылқы қатарын жарып өтті.

– Пай-пай, карны жер сызған мама биeler де бар екен!

– Биені қайтесің, ана бір қара атты айтсайшы, шіркін шекесінен қарайды, қандай аяңшыл екен! Екіндіде ай қарағандай көз тіктіріп, ауыл сыртынан бара жатсан...

– Бала, сен атқа сын беруді қой. Қара аттан өзге де көз тоқтар жануарлар аз емес. Аяғынды тезірек бас, мені Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр. Күтпейтін бір тығыз хабар болмағай...

Қара атқа көз тіккен орта бойлы, палуан денелі жас жігіттің аты Оразалы еді. Ал қасындағысы Жакия дейтін

ересек студент. Екеуі де кәдімгі Әлібек Жұнісовтің бірге жүріп, бірге тұратын жан жолдастары болатын. Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр, «аяғыңды тезірек бас» деген Жақия ақылын Оразалы екі еткен жоқ:

— Құп, философ! – деп адымдай түсті.

Енді жолдағы көше-көше болып тізіліп тұрған алма толы арбаларды сүзіп, өздеріне жүзі таныс шоқша сақал қара кісіден:

— Жәке, алманы қаншадан сатып тұрсыз? – деп сұрады Оразалы.

— Ә, келіндер, келіндер. Сендерге тегін, қадақтап, шелектеп алатындарға ақшалы, – деп қара кісі екеуін баурай кетті.

— Жоқ, аға, – деді Жақия мұқамдап сөйлеп, – біз де ақшага аламыз. Өйткені бұл сіздің бағып-қағып, еңбек сініріп өсірген жемісініз.

— Қарағым-ау, сендерге қадақтап алудың керегі жоқ, окушы балаларсындар ғой. Мықтаса, екеуің екі-екіден төрт алма жерсіндер. Онан мына арба ортаймайды, ала беріндер, – деп, үлкендігін байқатайын деген адамша, өзі фургонына қарай иегін қақты.

— Дегенмен бізге бұл қымбат жемістің бағасын біліп койған да теріс емес.

— Біреуі, таңдаулысы, ең үлкені – бір тын, қарағым. Был алма бітік. Бір ағаштың байлығы бір үйге қорек. Ала бер, тынсызы-ақ.

— Онда, енді... біз үшеу едік, біреуіміз үйде жазу жазып қалды.

— Таңдап, алты алма ала ғой.

Оразалы қара кісінің мырзалығына риза болып кетіп:

— Жәке, көп-көп рақмет. Сіз де бізге қонаққа келіп кетіңіз, – деп еді, қара кісі оның сөзін бөліш жіберді:

— Сендер Әбдуәлидің үйіндегі балаларсындар ғой, қол тиген күні кіріп шығармын, қожаларың жақсы адам. Әңгімелесуге, әлгі осында айдалып келген Троттың жайын сұрауға, – деді.

Жақия ойланып, жағын сипады, Оразалы таңырқағандай Жақияның бетіне бақты.

— Сіздің «Трот» деп тұрғаныңыз Троцкий шығар, ақсақал. Әріне, білгеніңіз жақсы, сіздер көп білсеңіз, мына

бізге де жеңіл болады, ертең көп нәрселерді елге баян етуғе. Имм, сіз біздін қожайынымызды да танитын адам болып шықтыңыз, бізді де,— деп тамсанды ол.

— Иә, иә, соның өзі. Басында Лен, Трот болып шықты ғой. Қазір оны, Лен өлген соң, екінші бір мықты осында қуып жіберіпті деседі.

— «Лен» емес, Ленин деңіз. Бұзықтық жасаған соң қуған. Дегенмен, бұл үлкен мәселе, ақсақал, біз де жетік емеспіз мұның сырына.

— Әріне, әріне, мұны тек Әбдуәли жақсы біледі. Сонан сұрап түсінермін.

— Әбдуәли де сіз сияқты адам ғой, ол біле бермес.

— Жоқ, жоқ, ол кісі бүтін дулатты, мына төмендегі ыстыны, албан мен суанды, тіпті Қытайдағы қызайдың да бүтешігесін қалдырмай аралап шыққан адам. Ол бәрін біледі, қарағым,— деді қара кісі.

Үйдегі жолдасының хатын тез табыс етуге асығып, екі студент қара кісімен қызық әңгімесін ұзуғе тырысты.

— Жәке, көп-көп рақмет. Бізге келіңіз. Күтеміз. Қазір оку жоқ, қол бос, көбінесе үйде кітап оқып отырамыз,— деді екеуі қосарлана сөйлеп, тегін алманың төртеуін бір-бірден қалтаға салып, екеуін қолдарына ұстап тұрып.

Оразалы арық қара кісінің әр нәрседен хабардар, тіпті саясат дүниесіне де қулағын түріп жүретін қазак екеніне риза болып:

— Қазақты мал бағудан өзге еш нәрсе білмейді дейді жүрт. Әлгі шоқша сақалдың көрдің бе «Лен», «Трот» деуін! «Тротты» осында айдан жіберіпті дейді. Қызық емес пе, ә?— деді жолдасына, базардан шығып келе жатып.

Жақия тамсана түсті. Бұл — сөзге ұста және «оғаш» сөйлейтін студент-ті. Жолдастары осыған орай «философ» деген ат қойған. «Анау Пушкин», «Анау Белинский» деп басыбайлы айдар тағуға үйір оқушылар мұны кімге теңейтінін ашпай, «философ» деп қана кеткен. Сол философ тамсанып алғаннан кейін:

— Қазақ дана халық,— деді ол байсалды түрде, әдетінше философтығына басып. — Даны халықтың бәрінің де арғы тәркіні малда. Малды қолға үретуден бастап даналығы көзге түседі. Арғы тағы заманда даналық қайдан келсін. Бәрі мал арқылы. Әсіреке ат пен түйе шыққалы ел мен ел

араласқан, сонсоң қой болмаса, тіршілік сәні де болмас еді. Киім деген жұн мен теріден, сол жұн мен теріні қолдана білуден пайда болған ғой. Ал бау, басқұр, текемет, кілем деген әсем жиһаздарды даналықтың жемісі емес деп көрші! Жаңағы базардың, ана қаланың іші-тысы толы малдың иесі кім? Қазак! Dana қазақ! Ол Троцкийді де, оның мұнда қалай келгенін де, не істеп жатқанын да сұрап, біліп алғысы келіш жатыр. Біліп те алған шығар.

– Әй, осы адам ойламайтын нәрсені ойлайтын сен де данасың! Мұны енді қоя тұр. Ана үйде отырған жігітті хатын оқып болғаннан кейін алыш, жаңағы қазекең айтқан «Тротын» көрсетейік. Көргенін, білгенін, сезгенін суреттемей қалмайтын Әлібек бұл сабазбен танысынқырасын. Кейін айтып, оқып отыруға керек. Бір нәрсе жазып тастар. Кәне, аяғында тезірек бас!

– Оразалы, сен асықпа! – деді Жақия тұра қалыш. – Кейін айтып жүрерлік бір нәрсе... дейсің бе? Ол нәрсені Әлібек анау күнгі көргеннен кейін-ақ тұрте салған. Сырт пішіні дәлме-дәл.

– Оны мен неге көрмедім?

– Мен алыш қойғанмын. Міне, тында! – Ол асықпай, қалтасынан төрт бүктеулі қағаз алды. Она жазып, тараشتап қойды. Сонсоң: – ... атақты Троцкийді көзбен көрдік. Биыл жиырма сегізінші жыл, Алматыға жер аударылып келді. Жатқан жері біздің жатақхананың қасындағы сырлы темір қақпалы әдемі үй. Өзі орта бойлы, нық денелі, шашты, келісті дөңес мұрынды, қызыл шырайлы. Дене бітісі қорғасын құйған сақадай. Шалқақ. Сондықтан да жүрісі салмақты, дік қадамды. Шашы қоңыр, азын-аулақ ақты жеңдірмей тұр, өйткені аса қалың және бұйра. Ал жүзіне айбатты пішін беріп тұрған – қыран көзі кәдімгі томагасын алған бүркітше төңірегін жалмай қарайды. «Бір өзім» дейтін жанның кескіні. «Сөйлегендеге алдында адам бар деп есептемеймін» дегені дұрыс қауесет шығар. Шешендік мен-менсіп сөйлеуден де болар... Қасындағылары толық, ақсары, бойы өзімен тең әйел.

Әйелдің мұрны да ана еркектің мұрнындағы дөңестеу келген. Дығалды қолтықтап келе жатыр. Бұл соның әйелі болуы керек; сол қолдағы жас жігіт әйелге тартқан: ақсары, бет әлпеті де аумаған, бірақ нәзік. Жиырма, жиырма бірдегі

жігіт шығар. Баласы ма екен? Баласы болса, өзіндей бола алмас... Айбатты емес. Мандайы жұқа. Бұл үшеуінің он жағындағы ұзын, ақсары, әскери адам төбесінен қарап келе жатқандай. Үстінде кара сүрік пальто, белінде ағаш кабурлы зор наган, аяғында етік. Фамилиясы Раховский дей ме? Әлде Раковский ме, әйтеуір, бұл да бір белгілі троцкийшіл болса керек... Жүргі бір вагон, кітапханасы да бір вагон деседі. Анау күні Іленің жағасына барып қайтыпты. Мұнысы қандай саяхат?!.

Жел жықпас түбірлі қара еменді түп-тамырымен қопарып тастаған дауыл сияқты, мынаны орнынан ығыстырып жіберген Джугашвили де осал емес екен! Енді не істер?! Міне, саған керегі осы болса! Екінші рет көргенде, Әлібек бұған қосымша не табар?

— Эй, Әлібегім, молодец! Біздің комсомол секретары: «Қасқыр көргендей неге анталайсындар, контрға көшедегі жұрттың назарын аударып?»— деп жекіреді. Көрмесек, көрмей-ақ қояйықшы! Жарайсың, үндемес Әлібегім! Үндемей жүрін, қағазға көргенін дәл түсіреді. Жалғыз-ақ осы сурет портретке мынаны қосса: «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген сөз – данышпандық сөз...

Жақия үндемеді.

2

Әлібек үйде бір өзі, терезе алдында, тауға қарап қойып жазып отыр еді.

Бұл үй – Алматы өзеніне таяу Құлжа көшесінде, шағын екі бөлмелі қарағай үй. Қызылордадағы бұрынғы КИНО-да бірге оқып, Алматыда ашылған тырнақ алды жоғары дәрежелі мектепке келін бірге түскен үшеуі осы пәтерде тұрған. Тап-таза, жарқыраған бір сәнді үй: ашық терезеден судың сылдырып үні құлақты тербетеді, сай самалы бетті үрмелеп өтеді; тау тұтас көз алдында, көлбеп жатқан зәулім аскар; ак қалпақ киген Талғар шоқысы терезеден телміріп тұрғандай жап-жақын. Оның иығындағы анталаған сәукеле қарағайлар қымтай жауып, құндақтап-ақ алған. Әрідегі бұлт құшақтаған зенгерлер аспан төрінде тіркесіп жылжыған әлем керуендеріндей...

Қараған сайын үшқыр ойды қиял айдынына жетектей жөнелетін сиқырлы асқар бүгін жас жанның ақындық ша-

бытын қоздырып жіберген сияқты. Әлібек козғалмастан жүрекке құйылған әсерді қағазға сорғалатып жатыр. Тау, өзен, ағаш, самал, жарқыраған күн, дарқан өмір, айнала көркемдік – нәзік ойлы жас жанды әлдилеп, тербетіп, баулып, алдағы бір асар-аспас қияға дайындал жатқандай. Ол аспандаған сезіммен бұлақтай атқылаған сұлу сөздің тас құшағында...

Есік ашық жатса да, сырттан кірген адамның сыйдыры да естілмеді, қағазға төнген Әлібек оның жақындал келіп мойнын созғанын да байқамады. «Тағы да өлең жазып отыр екен! – деді ішінен Оразалы, ақырындал кері шегіне түсіп. – Келген хат ешқайда қашпас, оқыр, шабыты келген шақта сілтей түссін».

Бірақ жолдасы ұзақ күтпеді. Әлібек басын көтеріп алып, қарындашын үстел үстіне тастай берді, өзі орындыққа шалқая тусти.

– Шабыт та шаттық, қағазға төгілген шабыт жемісі онан да ләzzатты!

Әлібек жалт қарады:

– Сен қашан келдің? Оқып та үлгердің бе?

– Оқығаным жоқ, көз сұғанақтығы менде жоғын өзің білесің.

Әлібектен түрі де, мінезі де өзгеше Оразалы асықпады.

«Сезімтал жігіт жазғанын қазір өзі де оқыр. Шыдамас», – деп ойлады.

– Оқымасаң, тында! – деді Әлібек жазғанын жариялағанша асығып.

– Құлағым сенде.

– Түрегеліп оқытын бас-аяғы дөңгеленген нәрсе емес, жай шатпак, тау әсері.

– Оқи бер, оқи бер! – деді үйге кейінірек кірген Жақия.

– *Көк тіреген асқарым – Алатауым, шаңдоzym!*

Заманнан бері тас қалған, басымды биқ айдарым!

Ғасырларды бастан асырган, қартаймас мәңгі қариям!

Мазғымас мықты берігім, күн бетінде көлеңкем.

Арқа бетте бас панам.

Биіктік, барлық сұлұлық, бір өзіңе тел біткен.

Тіл жетпес асқақ айбарым!

Шыңында жусап бұлт қонып, шоқында бүркіт шаңқ еткен,

Киқұлы сиқыр тылсымым!

*Иығыңа өрмелеген бойлаулық арша мен сыпсың қарагай
Самсап тұрған бейне бір қорамсақтагы оғың сынды!
Тынымсыз жүгірген күміс сылдырлы асau бұлақ, он сан
ойыңды шимайлап жатыр!*

*Алқабыңда жеті өзен, жеті өзенің – жеті өңір! Жеті
салаң бойында, бақ қонған байтақ еліңнің мыңғырған
малы есепсіз!*

Сәнді салаң толған ән, думанды елде би мен күй!

*Жеміске толған Атырау, алмаңың беті – албырт таң,
жайқалған бағың – жасыл гүл...*

– Иә, арғы жағы? – деп қалды қоза бастаған Оразалы шыдамай.

– Бәрі осы! Тауға қарап отырғанда ауызға түскені.

– Мұны не дейміз? Кескіндеме дейміз бе? Әлде келбеттеме бола ма?

– Не десен, о де.

– Жақсы. Аяғын күтемін. Ал мынау лирика болуы мүмкін...

Оразалы қалтасынан хат суырды. Әлібек ұшып түрегелді.

– Маған ба?

– Саған, саған. Әріп сұлбасы қызы саусағы тәрізді нәзік көрінеді. Сірә, әлгі Гул... сұлудың қолы шығар-ақ. Қарашы, «Жу-ну-сову» дегені орамалға тәккен кестедей тізіліп жатыр.

– Маған хат жаза қоятын кім бар? Әйел қолы! Онда женгемнен шығар.

Оразалының ұсынған хатын Әлібек ашпастан, оның төмендегі адресіне бақты: Орал қаласынан!..

... Мендікьыздың қолы емес, Әлібекке ол өз қолындей таныс. Бұл да әйел қолы. Бұл кім? Оразалы айтқандай, ұсақтап шалған кесте сияқты әріптері тізіліп тұр және бала қыздың қаламды қағазға қадап жазуы!..

Әлібек көріне толқып кетті. Бетіне қаймақшыған елжіреу пайда бола қалды, қолы да дір еткендей қымылдады, конвертті жырта алмай әлектенді. Жаңа ғана Алатаудың айбарлы сипатын ауыз толтырарлық ірі сөздермен бейнелеғен еркіндік лебі ұшты-күйді жоғалып кеткендей. Аз сәттің

ішінде болжалға жармасса да, оларды түйіп, бірін де жинай алмады. Кенет, жүрегі дүрсілдеп кетті...

«Мен Орал қаласындағын. Бір ай тұрамын ба, бір жыл тұрамын ба, мұны бір Құдайдың өзі біледі. Қөргің келсе... хат-хабар салғың келсе, адресім: Чаган көшесі, 91 -үй. Гүлжінан».

Қайтадан оқыды. Бірақ хаттың сырын бірдан ұға алмады. «Ол тек Гүлжінаннан... Гүлжінаннан...»— деп ерні жыбырлай берді.

— Не жазылыпты? Қыздан екенін мен шамалап едім,— деді Жақия терезеге қарап тұрып, әдетінше балтап, асықпай сөйлеп.

Ол Әлібектің толқығанын да, хаттың мағынасы миына толық жетпегенін де, қайта-қайта оқығанын да көрді, бірақ елемеген болды.

— Гүлжінаннан...— деді Әлібек сыйырлағандай елжіреп.

— Иә, Гүлжінан не жазады?— деді тағы да Оразалы арасынан.

— Тұсінгенім жок... Тұсініксіз...

— Маған берші.

Әлібек хатты Оразалыға ұстата берді.

— Мен бір жаман хабар жазған екен деп ойлап ем...

Мынау мағыналы хат қой. Және өзі шындалып шыққан, қол-аяғы балғадай, өзіне де, өзгеге де жігер құйып тұрған сөздер,— деді Оразалы оқып шығып, жолдасына ойланған көз тастап. — Сен тұсінбедім дейсің. Өте тұсінікті хат...

— Тұсініксіз,— деді Әлібек тағы да.

Оразалы басын шайқады. Ал Жақия бұрылымп келіп, Әлібектің иығына қолын салды:

— Әлібек, сен бала мінезді жансын, көргеннің, естігеннің сыртқы түрін ғана, әшекейлі жағын ғана ұстап қаласын. Неден байқадың деші? Әлгіден бергі ісің мен мінезіңе сын айтайын ба? Мына хаттың да сыртын көріп тұрсын. Ішіне...

— Айт! Айт!

— Айтсам, алдымен жаңағы көркем сипаттамада Ала-таудың кескінін дәл бергенсің. Бірақ тек қана сыртқы түрі, жансыз түрі. Айбарлы түрі, асқар түрі ғана. Неге оның бір ауыз болса да ішкі сыры айтылмайды? Әлде ішкі сырьы жок па?..

– Жансыз таудың ішкі сырды қандай болмақ?

– Міне, міне, күр сырты көрінеді саған. Айталақ, тау адамымен тау ғой. Сол үшін оның аты да Талғар шоқысы, Алматы шоқысы, Матай тауы, болмаса кейбірі Суық төбе, Маралды болып келеді. Осы аттарына қарай шаңдоз болып тұрған жоқ па? Бәлкім, асуларынан талай үркіп асып, болмаса талай асулардың даңқын жұрт өткен заманда ерлігімен шығарған болар. Бұл сыр емес пе. Осы сияқты тау басынан кешірген не азапты, не ардақты уақиға аталса, сурет жаңданып жүре береді...

– Саған ұнамай қалғанын өзім де байқап едім. Бұл шатпақты қазір тастаймын. Ал хат жөнінде?

Жақия Әлібектің бетіне қарап аз тұрды да, соңсоң бұл да басын шайқады.

– Жыртпа. Жырта салу сөз асылын сомдай түсү болып шықпайды. Мен сынымды өзің айт деген соң айтып түрмүн. Ал хат жөнінде менің болжаяым болжаяу ғана емес, анығы: қыз Орал қаласында. Дұрыс қой? Мұны өзі жазып отыр. Сондықтан бұл ақиқат жай. Бұл бір. Екінші ақиқат: саған Орал қаласына кел дегені емес пе? «Көргің келсе» дегенниң мағынасы осы. Мұның екінші түсінігі жоқ. Ал сені мен менің тірелетін жеріміз: неге шақырады? Бұған жауапты Алматыда отырып құмалақ салып табуға болмас. Жауапты барып жолығып, сөйлесіп, жай-мәністі біліп алғаннан кейін табасың.

Әлібек үндемеді. Ол сөзге ұста жолдасының тайға таңба басқандай айқын және дәлелді түсінігіне қол қойғандай болды. Ал Жақияның сөзіне бірден ұйитын Оразалы:

– Қазір бар да, почтадан ақшаңды ал. Тездету керек, – деді.

Әлібек тіл қатпастан киіне бастады.

– Мен де бірге барайын, – деді Оразалы.

– Бар. Сен де бар, – деді Жақия Оразалыны қостап.

* * *

Бұл үшеуі үш түрлі жігіт. Сырт пішіндері де, мінезд құлыштары да біріне бірі ұқсамаған.

Жақия ұзын бойлы, арық, ат жақты, түрік мұрынды, жүзі сұр. Көп күлмейді. Көруге суық адам тәрізді. Ал сонымен бірге оның белгісіз бір ішкі жылдылығы адамды

өзіне үйіріп әкете береді. Оның үстіне, әр сөзі жеңіл-желіп мәтептеге тұрарлық тіл жүйріктігі еріксіз бойсұндырығандай. Бұл қасиет оны тез көзге түсірген-ді.

Және, басқаларға қарағанда, анағұрлым сақа студент. Сондықтан да ол қасындағы өзінен жасы кіші екі жолдасының көпті көрген ақылгөйі есепті.

Ал Оразалы айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей, табанды және өжет жан. Оның өжеттігі тіпті кемерлеп тұрған тостағандай жолдастары арасында шып-шып төгіліп те кетеді. Бірақ жібек мінезді жұп-жұмсақ Әлібек пен аса үйірімді Жақияның қасында Оразалының беті көгіс тартып көрген емес. Бұл екеуінің оғаш істері мен басы артық сөздеріне ең әрі кеткенде үлкен көзін алартып бір қарап қалады да, су сепкендей тына қояды. Оразалының нық денесіне күші де сай. Өзі айтуынша, бала кезден бастап онымен белдесуге де, шекелеууге де ешкім пар келе қоймаған сияқты. Үнеуінің басын біріктіріп тұрған да осы бірінде бар, бірінде жоқ қасиеттер болуы мүмкін.

Екі іні жолдасын почтаға жөнелтіп, Жақия үйреншікті өзінің аяқ сылауына көшті. Жас кезінде туберкулезге шалдығып, екі жылдай аяғын баса алмай азап шеккен бұл қатпа жігіттің оң аяғы семіп кеткен, екіншісінен анағұрлым жіңішке еді. Қасіреттісі: көп жүрген шакта ет қызыумен ауырғаны білінбей кететін кемтар аяқ отырғанда сырқырай бастайды. Ол қазір де сол көз төнірегіне басы артық сызық жүгіртіп, жан қинаған сырқатты сылап, жеңілдетіп отыр. Доктор берген майды жағып, алақанымен сылап отыр. Бір гажабы, бір қалада бір өзі – поляк дәрігері Мацкевичке қаралу жолы қыынға түссе де, оның айтқаны ем, бергені шипа сияқты, маймен сылаған сайын Жақияның қабағы жазыла түседі. «Доктордың айтқанын бекер орындамаймыз. Ендігәрі болсын!» – деп ол басын шайқайды, өзіне өзі серт береді. Біраз отырып ол басын көтерді, терезеге қарады. Почтаға кеткен екеу де келіп жеткен екен.

– Жақия, ақша Әлібектің інісінен, кәдімгі әлгі өзің сыртынан риза болып, аузынан тастамайтын Әділбектен көрінеді. Алпыс сом жіберіпті. Орал түгіл, Мәскеуге барып келуге де жетерлік, – деді Оразалы есіктен кірмей жатып.

– Ол маған ұнайды. Ісі де, мінезі де тамаша. Көрмесем де көз алдында. Жанып тұрған қара бала. Мына хат та соның сілтеуімен жазылып жүрмесін, – деді Жақия.

– Бұл мүмкін емес! Қыздың елі де шалғай, әкесі де бізге араласпайды. Оқымысты, көпті көрген, алыстан болжайтын ақыл иесі және іштей қатал адам. Біздің Әділбек олармен таныс та емес.

– Жақсы, солай-ақ болсын. Саған ақшаны не үшін жіберді, Әділбек?

– Алыс жерде мұқтажданып жүрмесін демесе?

– Кеше ғана келдің гой еліңнен. Стипендия алғатыныңды інің жақсы біледі. Қалайша мұқтажданасың! Жок, мен білсем, сені қалайда Орал қаласына келтіру, қызben жүздестіру. Бұл тек қана Әділбектің, болмаса женгенің қолынан келетін жұмыс. Осы күнге дейін бір хат жазбаған қыз өздігінен келіп кет деуі қын.

– Мен де хат жазғаным жоқ...

– Әлбетте, мына хат – шақыру.

– Сонда не істеймін?

– Қызық жігітсің. Ісіңнің бәрі щала. Баста пісріп келетін іс қой. Мүмкін қызды сүймейтін шығарсың?

Әлібек мұдіріп қалды. Қызарып кетті. Қысылғанда сейлей алмай қалатын қалпына көшіп, булыға бастады.

– Жарайды. Сен былай ет: тез Оралға жүріп кет. Оку басталғанша әлі жиырма күн бар. Көр. Көріс. Аяғы ақылдасып шешіндер. Осында алып келсең, мына пәтер екеуіңе жетеді,— деді Жақия.

«Сен не дейсін?» дегендей, Әлібек Оразалыға қарап езу тартты. Булығуы тарқай берді.

3

Институттың партия ұйымы шақырған мәжілістен Жақия елеуреп қайтты. Философтың аяқ басысы да, сөзі де бір қалыптан езгерін көрмеген салмақты, бапты келетін. Ал жүз әлпеті өмірде елегізуді білмейтін, баяғы сұрғылт қалпы, қабағын сәл кере түсіп, «балдар, қалай?» деп тамсанған қарайтын. Ол бүгін есікті тез айқаны былай тұрын, оны нығыздал қатты жапты да, адымын кере терезе алдына өтті, ілесе кері бұрылып, тағы да есікке қарай жүрді. Бұл өзгерісті алдымен Әлібек байқады. Ол жолға шығу қамымен кішкене сандықша көрзенкесіне киімдерін бұктең, тара-штап, плацына орап, шаң тиместей етіп мұқияттап салып жатыр еді.

Бұл жұмысын тастай берді де, Жақияның қимылынан, өзгеріп кеткен жүрісінен не болғанын байқауға тырысты. Оразалы ағаш койканың үстінде жамбастап жатып, кешкі қарбаласта сыйырайған керосин шамды өзіне жақындана салып, кітап қызығына батқан еді. Екі күннен бері америка жазушысының «Хват пен Малышын», «Арқадан келген қыз» дейтін шығармаларына алаңсыз сұнгіген оның құлағына Жақияның үйге кіргені, есіктен төрге кезек аяңдағаны, Әлібектің қымыл-қыбыры кірмеді де, оны елеңдетпеді де. Ол өз ісімен болды.

– Жігіттер!.. – деп Жақия үшінші рет есікке төніп барып, кері бұрылды. – Уақиға зор.

– «Балдар» деңіз.

– Балдар!.. Үлкен уақиғалар. Зор өзгерістер. Естімеген жаңалықтар бар.

– Иә, жүрісіңіздің өзгеріп кеткенінен-ақ сезіп едім, Жақа. Не жаңалық?

– Үлкен әңгіме. Саяси мәселе, – деп Жақия үнін бәсендетті.

Ол Оразалыға қарап, «неғып жатырсың?» дегендей сұрақты көз тастап еді, бірақ өз қызығына біржола алаңсыз берілген жолдасы сөзіне құлақ қоймады, кітапқа қадалған үстіне қадала түскендей болды.

Жақия енді тамсанды:

– Балдар, тыңдандар. Мен сендерге үлкен әңгіме айтпақтын. Біз өте ірі әлеуметтік өзгерістің, болайын деп жатқан өзгерістің... жоқ, олай да емес, басталған аса ірі өзгерістің үстінде тұрмыз. Губком қызметкері болды, партия активінде сөз сөйлемді, біздің институтта, Қазақстанда «Кішкене Октябрь» басталды... Әбекен үйде ме?

Жақия екінші бөлменің есігіне қарады.

– Үйде шығар. Кешкे жақын бағанағы ақсақалмен сөйлесіп отырған есік алдында.

– Қай ақсақал?

– Алма сатқан. «Лен-Трот» дейтін арық қара, – деп Оразалы басын көтеріп алды. – Немене, құпия хабар ма, сонша сыйырлап.

– Құпия деп, құпия да емес. Дегенмен, «әзірге жая берудің де керегі жоқ» дестік. Әлгіден бері елең етпей жа-

тыр едің, немене, «құпия» деген сөзге сенің де ойың селт етті ме?

– Мына кітап қызық. Бір өзі тоқсан құпияға тұрарлық.

– Иә, Жақа, айта беріңіз «Кішкене Октябріңізді». Қызық сөз екен, соғыс бола ма?

– Әлібек, сен нәрсенің өңкей мүкіс жағына бұрасың. «Октябрь» деген сөзден «соғыс» деген мағына туа бермейді. Дегенмен, бұл сөз күрт өзгеріске байланысты...

– Жігіттер, үйде екенсіздер ғой. Бөлмелеріңізде дыбыс болмағаннан кейін, мен сіздерді үйде жоқ қой деп ойлап едім. Жүріңіз, шәй-су ішейік,— деді есіктен басын сұғып үй иесі.

– Жаңа ғана кіргенім осы, Әбеке,— деп Жақия сөзінің аяғын жұтып қалды. – Қазір, Әбеке, қазір...

Әбдуәли есікті қапсыра салып, кері шегініп кетті де, әйеліне:

– Жігіттер келген екен, шәйінді баптай бер,— деп арғы бөлмеде бұйрық беріп жатты.

Жақия басын шайқады. Орнынан тұрып, шашын қолымен он жақ шекесіне жабыстыра сипай бастаған Оразалыға қарап:

– Осы біздің Әбекен, мен адам танысам, тұңғиық жан, терең, өте терең...— деді ақырын ғана.

– Онда бұл, Жақа, әлгі өзіңнің айтып жүретін найза бойламайтын арам, құрдай жорғалаған қу, тағы немене еді, түк жүқпас сүм деуші ме едің, соларың болды ғой, біздің бұл қожайынымыз да.

– Ақырын, ақырын сөйле, Оразалы. Естіш қалса, ұят болар. Соңғы айтқанның төнірегінде. Су жүқпайтын сүм кісі ғой деймін.

– Су жүқпас па? Түк жүқпас па?

– Айналайын, ақырын сөйлесейші.

– Сыбырлағанды Құдай есітпей ме деп. Нағыз сүм болса, біздің не ойлап, не сөйлеп отырғанымыздан да хабардар шығар. Кешке жақын алма сатқан қара сақалмен шүйіркелесін, Пішпекке жүрмекші бол уағдаласты. Мен: «Біздің Әлібекті арбаларыңызға мінгізе кетіңіз»,— дедім. Ол: «Ойланайық», десті.

– Онда жақсы болды ғой...

* * *

Шай үстінде студенттердің «сұм кісі» деп ұйғарған Әбдуәли і бұлармен шүйіркелесіп сөзге кіріспеді. Әлденені ойлап-пішіп отырған адамның кейпімен көзін жұма түсіп, шайды сораптап ұрттаң отырды да:

— Мен Пішпекке барып қайтамын, жігіттер. Мына баланы да арбаңа мінгізе кет дедім Жиренбайға. Ол адам және жүк таситын арбакеш қой. Пұл төлемей-ақ мінгізер окушы бір баланы,— деді.

Жақия мен Оразалы жамырап:

— Рақмет, Әбдеке. Үйі жағынан келіп кет деген хат алыш еді, сізben бірге тез жүріп кетсе, жолы болды. Мың рақмет, Әбдеке,— десті.

— Ертең, Алла бұйырса, таңсәріден жүріп кетерміз.

* * *

Шайдан кейін үшеуі өз бөлмесінде тағы да өз қамдарына кірісті: Әлібек сандықша-кәрзенкесін мұқияттап байлас-тырды, Оразалы кітабына үнілді.

— Үлкен өзгеріс, балдар. Тұнып тұрған феодализмнің үйіткышын бұзып, Арқаның Шормановтарын, Жетісудың Ордабаевтарын, Оралдың Көпжасаровтарын орынан ығыстырып, жер аудару — кішкене тәңкеріс, «қазақ даласындағы кішкене октябрь» деп губром қызметкери дұрыс айтты...


— Айналайын, қойшы! Мен де естігенмін байларды жер аударады деп. Жер аудармақ түгілі, кедейлер соларды пісіріп жесе де көңілім баяғыдай...

— Оразалы, сен түсінбейсін. Өте ірі уақыға. Бұл елді де, жерді де жаңартады деген сөз. Ана «соғыс ашамын, жер жүзіне теп-тегіс совет орнатамын» деген Троцкийдің осында айдалуы да тегін емес. «Жер жүзіне теп-тегіс совет орнатып аламын» дегенше, ішті жаңартып, советтендіру керек деген сөз. Бұл ескі дүниенің мұзы жарылды, сені жүреді деген сөз. Балдар, сендер мұны түсінүлерін керек.

— Жарайды. Сонынан, сонынан түсінерміз,— деді Оразалы.

Әлібек сөзге кіріспеді. Ол тек қалайда Оралға жетудің, тез жетудің қамын ойлады. Алда не барын, не боларын ойлауға шамасы келмеді. Оның көз алдында Гүлжиһан тұрды...

445992



Жазықта жортып отырып жолды едәүір қысқартып алған аттар тау бөктеріне іліккен соң, аяңға біржола көшіп алды. Ал өрден-өрге тырмысып алға ұмтыла түскен қос торы жүкті фургонды екінші бір төбешікке зорға шығарады. Бір уақыт өрсіз жерде өндіре аяңдал, жүріс енді-енді түзелер дегенде тағы өр, тағы да төбешік келіп қалады.

«Қашан жетеміз Пішпекке? Қашан мінем пойызға? Қашан Арыс? Қашан Қызылорда? Қашан?.. Қашан?..»— деп жыбырлайды Әлібектің еріндері, арбадан түсे қалып, өрге арбамен катарласа аяңдал. Арбакеш арық кара Жиренбай да арбаға асылмағалы көп болды. Ат болдырар, бірақ Жиренбай болдырар емес, жүрісі де жеп-женіл, өзі де қаңбақша дөңгелейді; дөлбесі қолда, атқа жанамалап соғып келеді.

— Тоқмақ жолы жақын, екі қонып Пішпекке де дік етеміз,— деген шығарда арбакеш. Сол «дік ететін» жолы Ұзынағаштың асуы: екі күн тауға шығады. Түсері – жарты-ақ сағат. Алды – қырғыз елі. Екі таудың ғажайып алқабы. Әлібек бұрын бір рет жүрген. Жақын екені рас – Қордай жолы үш күндік, күн райы бұзылса, Пішпекке дейін төрт тәулік те болып кетеді.

«... Қашан жетеміз? Қаинан?.. Қашан?..

... Осы ана Әбдуәлиді Жақия «су жүқпас сүм адам» дейді, рас шығар. Жақаң біледі. Үйінде бізден бұрын тұрып келеді. Мына тиеп келе жатқан сандықтар соныкі шығар. Сүм адамның... Не нәрсе бар екен ішінде? Ауыр. Орнынан қозғап болмайды. Аттардың мықшындауына қарағанда, екі сандық пен екі кісі өрге қарай өте ауыр жүк болып келеді»,— деп ойлап қояды Әлібек арбаға мінер кезде де, аттың жүгін женілдету үшін түсер кезінде де.

Қаншама асықса да, қаншама «қашан жетемінді» жиілесте де, жол алыс, тау сілемі таусылар емес, жүк женілейер емес.

Жол ұзак, әңгіменден өзге ермек жок.

— Жиреке, әңгіме айтыңыз,— деді Әлібек арбакешке, келесі бір дөңнің үстіне шығып, өрсіз жазық жолмен жүріп, аяқ суытуға арбаға асылған кезде. — Осы біздің Әбдекен қосағасы ел болған адам-ау, жөн-жосықты көп біледі.

Жиренбайдың да іші пысып келе жатса керек, жас жігіттің өүрәгінә ілесе жауап қайырды:

— Ел ағасы? Ел ағасы деуге де, қала ағасы деуге де болады. Өйткені елден гөрі бұл жігіт қалада көбірек тұрып келді. Көптен бері-ақ қаланың белді жігіттерінің бірі болып саналады. Эрине, Әбдуәлиден де ірі адамдар көп.

Әлібек сәл ойланды да, Жақияның «осы Әбдуәли көп сүмның бірі» дегені еріксіз аузына түсіп кетіп:

— Сүм адам ғой деймін өзі,— деп қалды.

— Қарағым, жүрттың көбі сүм ғой осы күні. Бұл кісі сүм да шығар, алайда үлкен табыскер адам. Сіздерден пәтер ақыға қанша сомнан алады?

— Он сомнан.

— Ім-м, үшеуінен отыз сом де...

Арбакеш әлденені күбірлеп есептей бастады да, аздан кейін:

— Тамағы ішінде ғой он сомнан?— деп анықтай түсті.

— Иә, тамақ қожайыннан.

— Ім-м, жиырма сом таза қалтада қалады екен. Астықтың пүты елу тыын, қойдың көкесі бес сом базарда. Қалаша тамақтанғанда айына бір қойдың етін жемейсіндер, бір пүттән артық наң да кетпейді сендерге. Шай-су бәрін есептегендеге, үшеуінен он-ақ сом жұмсалады...

Мына есеп Әлібектің ойына келген есеп емес еді, ол таң қалған пішін көрсетті.

— Бұл ештеме емес,—деді арық қара кісі.—Әбдекендердің табысы біздің тыындал-тебенде жинағанымыздан он есе, он есе емес-ау, жұз есе көп.

— Сіз қанша табасыз ?

— Біздің бар кәсібіміз осы Пішпек пен Алматы арасында ептеп адам тасу мен жүк тасу.

— Айына үш-төрт рет қатынайтын шығарсыз?

— Онан көп емес. Сондағы бар табысымыз, ең әрі кетсе, қырық-елу сом.

Әлібек байқамай ішін тартып қалды.

— Оның таңданатын несі бар, қарағым, ана он есе, жұз есе артық табатын Әбдекендердің айт!

— Жиреке, таңданғаным: қой базарда бес сом дейсіз. Сіз айына он қой тапқанда, ана кісі он есе артық тапса, сонда жұз қой, яки бес жұз сом тапқаны ма? Сондай төгілген ақшалы қандай кәсіп ол?

– Е, бала екенсің ғой, қарағым. Өз әке-шешенең не кәсіп жасайды?

– Әкем қайтыс болған. Шешем кәрі. Інім бар. Орташа дәulet: бір үйір жылқы, сонсоң қой, қозы деген сияқты. Сауын сиыр әркімде де бар ғой.

Жиренбай тағы да күбірлеп, өзінің ішкі есеп-шотына қағып:

– Бар дәuletін, ініңмен екеуінің егерде бір үйір жылқы, бір қора қойларың болса, бес-алты бұзаулы сиыр болса, сонда да Әбдекендердің бір жылдық табысының үзенгісінен де келмейді,— деді.

Әлібек басын шайқап алып:

– Жиреке, сіз өте асырып жіберген жоқсыз ба? Әбдекен тап сондай қалталы капиталист сияқты емес қой. Әшейін, қаланың еті тірі азаматы ғана тәрізді.

– «Кемедегінің жаны бір» дейді қазақ. Сондай-ак, са-парлас адам сырлас деседі. Ешкімге сыр інашар жігіт сияқты көрінбейсің, оқып жүрген қазақтың көргенді баласы ғой деп танимын, қарағым, өзінді. Сен тында, мен айттайын Әбдекенің кім екенін, оның кімдермен қол ұстасып келе жатқанын. Әбдекен жақсы кісі. Сөзінде тұрады. Жақсылық етемін десе, етеді. Көпті көрген, көп білетін, дәuletі төгіліп жатыр дерлік, ал атағы бүтін Жетісу, Пішпек пен Әулиеатаға, Шымкент пен Ташкентке мәлім Ғали дейтін адамның көп жүретін, ісін істессетін оң қолы. Ғали Ордабаевтың атқосшысы. Ғали Ордабаевты естігенің бар шығар?

– Аз-мұз. Сыртынан ғана естіміз. Қалада үйі бар емес пе?

– Бір емес, бірнеше үйі бар. Мекен-жайы, малы, бәйбішесі мына төменде – Іле бойында. Өзі көбінесе осында, Пішпекте, сонсоң Ташкентте болыңқырайды. Қалада үлкен жайы, сұлу тоқалы бар. Сол бүтін Жетісудың бетке ұстар үлкен адамы... қаусет теріс болғай... әңгімеге іліккен десіп жүр...

– Қандай әңгімеге ?

– Қандайы жоқ. Әлгі, осында айдалып келген Трот сияқты, Ғалиды да айдайды деседі. Бірақ ешкім жонжосығын ашып айтпайды. Қалай айдайды? Не үшін айдайды? Мұны анық білетін ешкім жоқ.

Әлібектің бұрын-соңды құлағына шала-шарпы ти-ген әңгімелер, кешегі Жақияның елге үгіт-насихат ісіне аттанғаны мына қара сақал арықша кісінің әңгімесін толықтыра түскендей болды. «Үлкен өзгеріс дегендері осы екен», – деді ол ішінен.

– Ал Әбекен жайында сіз әңгіменізді аяқтаған жоқсыз. «Оң қолы» дегенініздің мәнісі қалай?

– Әбдекен де сол Ғали Ордабаев сияқты өз шамасында білгір, іскер, өзіне лайық дәулет жинай бастаған еті тірі азамат. Оның Пішпекте үйі бар. Мына жүкті... – арбакеш арқасын тіреп отырған екі үлкен сандыққа қарап қойды, – соңда түсір деді. Бұл, шамалауымша, сол Ғали Ордабаевтың жиһазы...

– Қандай жиһазы? Екі сандық аса көп жиһаз емес қой.

– Жиһаздың жиһазы бар. Кеше кеште тиегенде құлағым шалып қалды: тай жібектер болуы керек. Екі сандықта қытай жібегінің он-он бес тайы жатса, қанша боларын білесің бе?! Сонсоң Әбдуәли өзі Шамалған беттегі малды Пішпек базарына айдаттыру қамында. Ертең бізben қатар о да Тоқмаққа жетеді.

– Көп мал ма екен?

– Жылқы мен қой: қанша екенін Алла білсін. Бұл бірак Ғали Ордабаевтың өз малы. Ал Әбдуәли бұрын сонау Құлжадан, Ақсу мен Қексудан жылжыған малды Алматы мен Пішпек, эрі кетсе Әулие-ата, Шымкентке жеткіз-діретін. Әсіреле соңғы он жыл ішінде ең кемі миллион қой өткізген шығар. Қаржы Ғалидікі, алу, айдату, саттыру Әбдекендердің жұмысы. Айдаушы басқа. Бәрі ақшаның құдіреті ғой, Әбдекендер қой басына он тыыннан пайда қылса да жылына бір сандық пул таппай ма? Міне, Әбдекен енді сол әңгімеге іліккен Ғали Ордабаевтың дүние-мұлкіш реттеп жатыр. Мен солай деп шамалаймын. Қате болса, Құдай кешірсін. Бірақ қарағым, тісінен шығарма, бәрі де өзіміздің қазақтың баласы ғой. Он сегізінші жылғы апат төңкерісте осы Әбдуәли Мамытбековтың әкесін ақтар атып кеткен. Әкесі де еті тірі кісі еді. Жетісудың бұзық казакорыстарымен иін тіресіп күн көрген.

..Кешегі біздің философ Жақияның «Жетісудың Ордабаевтары» дегені осы екен ғой. Оралдың кімі деп еді?.. Мұқаметшиндері деген жоқ қой. Ақметіненің де ірі

дәүлетті екенін, ауызға іліккен беделді правитель болғанын және, оның үстіне, бүтін қосиши кедейлердің, әсіресе Қоғабайлардың, «қақсүйек, қырдың шыңжыр балақ, шұбар төсі» деген аттарды Ақметшеге тізіп тағып айтатынын өз құлағымен естісе де, Әлібек оны қосқысы келмеді. Бұл мүмкін емес сияқтанды. Оның ой түбіндегі көп сенімінің бірі: «Бұл мыңғырған бай емес, ғылым тіліне бет бұрган пайдалы адам ғой», – дегізе берді. Және Гүлжиһан!..

Гүлжиһанның тағдыры... Оның басындағы ауыр қайғы Әлібекке әлі де жетпеді...

Екінші таралу

1

Көрпесін тас бүркеніп алып қыз әлі солқылдан жатыр. Ол шам сөнер-сөнбестен-ақ жылай бастап еді. Міне, түннің де әлдебір уағы болды.

Кемпір бәрін естіп жатты – оның орнынан неше рет аунап түскенін де, тіпті көрпесінің қалай ысырылып кеткенін, оны қалай бүркенгенін де естіді. Үй іші тас қараңғы болса да, кемпір көзі бәрін қөріп жатқандай. Оң жаққа өзі салып берген құс төсектің үстінде, төсек те үлкен, кәдімгі өзінің ескі құс төсегі. Бірақ тысы да жаңа, мамыры да жұмсақ, жанбасқа батар бір ірмегі жоқ, бірге жасасып келе жатқан көне төсек дерлік емес. Жастыры да сондай ғой. Бәрі қолайлы. Үстіне жамылғаны қыздың өз шәйі көрпесі. Үкідей салмағы жоқ, не ауырларлық жамылғы емес. Үй де кен. Өте кен. Қазан жақтағы кемпірмен екі аралық ел көшкендей, ежелгі төр мен босағасы ендең жататын қажының сегіз қанат киіз үйі ғой. Жұніс қажының.

Бір кезде төрт балаға толы төр алды қазір бос қалған. Бас көтерген жалғыз Әділбек те сыртта, мал шетінде. Жазды күні ол үйге жатып көрген емес, бүгін де солай. Ал-пыстан асқан кәрі кемпір жас келінмен бір өзі ғана. Үлкен келін, үлкен бала аулақта, олардың өз қамы, өз ошағы бар. Бар үміт Әлібек пен Әділбекте. Әсіресе Әділбекте. Өйткені Әлібекжаны да алыста. Кім біледі, ертең ол да өз жөнімен жыраққа тартып жүре ме! Мына Гүлжиһаның қолынан жектектеп.

...Бұл байғұс баланың өз қайғысы өзіне жетеді, жалғыз әке болса анау – орыс қолында қалғаны. Келгеннен бері

жылау, келгеннен бері жерге үңілу. Бұл мына үйге сүйеу, мына дүниеге тірек болып кеткенше қашан! Әлі солқылдан жатыр. Қалай жұбатарсың.

— Гүлжиһан, қарағым, жылама! Жылама, қарағым...

Солқылы сәл бәсендеген қыз бұл мейірімді сөзге онан әрі егіле түседі.

— ... Тәнірінің ісі. Көну керек...

Неше рет айтты мұны. Есебі жоқ. Үлкейген адамның ойы да көне. Көне болса да, көпті көрген жанның үйреншікті жұбанышы, үйреншікті тілек. Тәнірінің ісі емес пе көкті, жерді бар қылған! Жасағанның ісі емес пе бейнет пен дәүлетті қоса берген! Құдіреттің ісі емес пе жасты жеткізіп, кәріні еңкейткен! Бұған Балым кемпір түгіл, жас Гүлжиһан, оқыған Гүлжиһан да сенеді. Бірақ жас ой әлдеқайда жүйрік, әлдеқайда өткір.

...Тәнірінің ісі! Көбі тәнірінің ісі. Бірақ адамның ісін кәрі кемпір біле ме? Ол менің бұл үйге ойламаған жерден еріксіз келіп қалғанымды қайдан білсін! Менің әкемнің досынан жауы көп болып кеткенін сезе ме үйде отырған кемпір! Менің жүргегімде не барын ұғар ма бұл күні өткен сорлы жан! Жастай анадан айрылдым. Әлпештеген жалғыз әкеден айрылдым...

Қыз қатты өксіп жіберді.

— Қарағым-ай, шарнадың ғой. Сабыр етсейші, шыда-сайшы. Алланың жазғаны. Тағдырдан озмыш жоқ...— деді де, кемпір басын көтеріп алды.

Ол айнала қарманып шапанын іздеді, орнынан тұрды, кебісін тауып киді, сыртқа шығуға бет алды.

— ...Берік болу керек. Ұзақ түнді егілүмен өткізуғе болмайды...

Кемпір есікті сипалап ашып, күбір-күбір сөйлеп жүр, өзі де көз ілмей, ұзақ көлбеп ақыры сыртқа шықты. Сонда да өксігін баса алмай жатқан қызды жұбатумен болады, оған қыбырлап жүріп сүйеніш айтады.

Қыз да бәрін біліп жатыр. Кемпірдің елжіреген үнін естіп-ақ жатыр. Бірақ...

...Шынымен-ақ тәнірінің жазғаны осылай ма?..

...Елім-жүртім қайда?..

.. .Туған үйім қайда ?..

...Папам қайда?..